

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**



**5B030100 - Құқықтану мамандығының**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламасының деңгейі:** Бакалавриат

**Дайындау бағыты:** Құқық

**Берілетін дәреже:** 5B030100 - Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалавры

Шымкент, 2016ж.

Білім беру бағдарламасы **5B030100 - Құқықтану** мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011 жылғы №152 ҚР БҒМ «Оқу үрдісін ұйымдастыруда кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту (ҚР БҒМ 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БҒМ № 343 (ҚР БҒМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығына сәйкес жасалынған «5B030100 - Құқықтану» мамандығының типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.

**Дайындағандар:**

1. Жаналиева А.Ж., з.ғ.к., аға оқытушы
2. Қожабергенова Н.М., магистр, аға оқытушы

«Қаржы және құқықтану» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі

Сергазиева М.Р.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.М.

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.М.

Шымкент университетінің оқу- әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) бекітуге ұсынылды.

ОӘК төрайымы

п.ғ.к. Козбагарова Б.С.

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы</b> .....	5
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері .....	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы .....	5
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны .....	5
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген .....	5
1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары .....	5
1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы .....	6
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы .....	6
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі .....	6
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері .....	6
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы .....	6
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары .....	6
1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны .....	7
<b>2. Оқытудан күтілетін нәтижелер</b> .....	7
<b>3. 5B030100 – Құқықтану мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындала- тын құзыреттіліктер</b> .....	7
3.1 Шешуші құзыреттіліктер .....	7
3.1.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар .....	7
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар .....	7
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	8
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар .....	8
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер .....	8
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс .....	8
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы .....	9
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру .....	9
3.2.4 Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер .....	9
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік .....	9
<b>4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты</b> .....	9
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі .....	9
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау .....	10
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау .....	10
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі .....	10
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау .....	11
<b>5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар</b> .....	11
5.1 Міндетті пәндер каталогы .....	11
5.2 Элективті пәндер каталогы .....	11

5.3 Практика бойынша бағдарламалар .....	12
5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары .....	12
5.5 Студенттің жеке оқу жоспары .....	12
5.6 Жұмыс оқу жоспары .....	12
5.7 Академиялық календарь .....	12
5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны .....	12
5.9 Жиынтық кесте .....	12
5.10 Формуляр .....	12
5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы .....	12
5.12 Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер ..	12
<b>6. Білім беру бағдарламасын қолдау</b>	
6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы) .....	12
6.2 Материалды ресурстар (Материалды-техникалық база туралы) .....	12
6.3 Білім беру ресурстар (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы) .....	13
<b>7. 5В030100 – Құқықтану мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы .....</b>	<b>14</b>
<b>8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау .....</b>	<b>15</b>

## Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

### 1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

**Университет миссиясы:** Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту.

**Білім беру бағдарламасы** – еліміздің құқықтық мемлекеттілігін жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, білім алушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылатуды **мақсат** етеді. Ұлттық құқықтың жетекші салаларында кәсіби құзіреттілікті толық игеріп, сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайлар жасау.

**Білім беру бағдарламасы** болашақ мамандар кәсіби қызметтік міндеттерді аса белсенділікпен шеше алуға мүмкіндік жасайтын, сондай-ақ заңгердің құқық қорғау, қадағалау функцияларын ғана атқармай, түзету, тәрбиелеу және ізгілендіру жұмыстарына қабілетті маман дайындауға бағытталған **міндеттер** қояды. Сол себепті:

- Құқық бұзушылықтың алдын-алу және оған жол бермеу, Республика заңдарын құрметтеуді студенттерге қалыптастыру;
- ҚР қолданыстағы заңдарды түсіндіру;
- кәсіби қалыптасқан маман дайындау;
- білім саласында толыққанды және сапалы құқықтық білім алуы;
- білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау;
- оқу процесін барлық қажетті ақпарат көздерімен, атап айтқанда, оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен, нұсқаулықтармен, өзіндік жұмыс бойынша белсенді үлестірмелі материалдармен және нұсқаулықтармен, электронды оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарының қол жетімді болуын қамтамасыз ету.

### 1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы

#### 1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны

5В030100 – Құқықтану мамандығы сол саладағы кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан Құқықтану тобына жатады.

#### 1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.

5В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша бітірген түлекке «Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалавры» дәрежесі беріледі.

Олар жалпы білім беретін мектептерде, лицей, колледж, гимназияларда биология мұғалімі, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде кіші ғылыми қызметкер қызметтерін атқара алады.

#### 1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары

Бітіруші түлек мынандай ұйымдар мен мекемелерде, жұмысқа орналасу үшін мүмкіндігі бар:

- ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті және оны аумақтық бірліктері;
- Құқық қорғау органдары;

- Қаржы министрлігі і және оны аумақтық бірліктері;
- ҚР экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтар үшін қарсы күрес агенттігі
- ҚР мемлекеттік қызмет агенттігі
- ҚР Әділет министрлігі;
- Адвокаттар алқасы;
- ҚР ҰҚК
- Орталық және жергілікті атқарушы органдардың жүйесі;
- Білім беру (ұстаздық).

### **1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы**

#### *1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы*

Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқық саласында туындайтын заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қорғау, қамтамасыз ету, кепілдік беру.

#### *1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі*

Бітірушілердің кәсіптік қызмет нысаны құқық қорғау органдары; мемлекеттік билік пен басқарудың сот, атқарушы және өкілетті органдары; мемлекет және мемлекет емес кәсіпорындар; адвокатура, банктер, сақтандыру және аудиторлық компаниялар; білім беру ұйымдары (жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназия, педагогикалық колледж, орта кәсіби білім беру мекемелері ғылыми-зерттеу орындары) бола алады. Жалпы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

#### *1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері*

5B030100 – Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалаврлары мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- Биология бакалавры кәсіптік іс-әрекеттің келесі түрлерін атқара алады:
- білім беру қызметі (жалпы орта білім беретін мектептерде, лицей, гимназия, колледжде педагогикалық қызмет);
- басқару қызметі (ҚР мемлекеттік ұйымдары мен органдарында ұйымдастыру-басқару қызметі);
- құқық қорғау қызметі (Ішкі істер, қаржы полициясы, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура, сот мекемелері және т.б. органдары);
- кеңес беру қызметі (заң кеңесшісі, адвокат есебінде заңды кеңес беру қызметі).

#### *1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы*

Түлектердің кәсіптік қызметінің функциясы мынадай:

- құқық қорғау;
- құқық қорғаушылық;
- ұйымдастыру-басқару;
- педагогикалық;
- ҚР зайырлы және құқықтық мемлекеттік құру;
- заңды нақты орындау жеке және заңды тұлғалардың заң алдында теңдігі тұрғысында құқықты қорғау қызметін ұйымдастыру;
- құқықты қолдану тәжірибелерінің мәселелерін анықтау және ұлттық заң шығарушылықты жетілдіру.

#### *1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары*

5B030100 – Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалавры кәсіби қызметіне байланысты келесі типтік міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс:

- адам және адамзат құқықтары мен бостандықтарын қорғау нәтижелілігін арттыру;
- кәсіпкерлік және басқа да заңға қайшы келмейтін қызметтерді қорғау және қолдау;
- құқық бұзушылықтың алдын алу;
- азаматтық пен отансүйгіштікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, конституция мен қоғамға қайшы келетін жағдайларды қабылдамауға тәрбиелеу;
- заң және құқық тәртібін нығайтуға;

- халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру және дамыту;
- адам мен адамзаттың құқықтарын қорғау.

### 1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны

*Құқықтану* мамандығы бойынша құқық бакалавры атқаратын кәсіби қызметтің мазмұны:

- білім беру процесін сапалы ұйымдастыру және басқару;
- құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамды дамытуға үлес қосу;
- адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге,
- заң ықпалының саласын кеңейту;
- құқықтық реттеу тетігін жетілдіру;
- құқықтық білімдері мен кәсіби дағдыларын тереңдету;
- халық арасында құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- жаңа заманға сай саяси -құқықтық көзқарастардың таратылуы;
- өз қызметінде заңдарды сауатты қолдану.

## 2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

Бірінші деңгейдегі дескрипторлар:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- 5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

*Құқықтану* мамандығы бойынша құқық бакалаврының жалпы құзыреттілігі *шешуші* (әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқару, өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, академиялық ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар) және *кәсіби* құзыреттіліктер негізінде қалыптасады.

## 3. Құзыреттілік термині шеңберінде оқытудың нәтижелеріне қойылатын талаптар:

### 3.1 *Шешуші құзыреттіліктер*

#### 3.1.1. *Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:*

1) ойлау мәдениеті мен кең көзқарасы қалыптасқан жоғары білімді тұлға қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық пәндер бойынша базалық білім **меңгеру**;

2) кәсіби қызметі аясында ақпараттық технологияларды қолдана білу, қазіргі техникамен жұмыс жасай алу **дағдысының болуы**;

3) магистратурада білімін жалғастыруға және күнделікті кәсіби қызметіне қажетті жаңа білімді меңгеру **дағдысының болуы**.

#### 3.1.2. *Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:*

1) қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа, қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіптік қызметінде оларға **сүйену**;

2) іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын **игеру**;

3) Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін **білу**;

4) әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне **толерантты болу**;

5) Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін **білу**;

6) азаматтық, патриоттық, толеранттық өмірге белсенді көзқарас **тәрбилеу**;

7) ғылым және ғылыми ойлау туралы жалпы түсінігінің **болуы**;

8) қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін **білу**;

9) түрлі әлеуметтік жағдайларда саналы түрде дұрыс бағыт **ұстана білу**;

10) командада жұмыс істеуге қабілетті болу, өзінің көзқарасын әдеппен **дәлелдей алу**, жаңа шешімдер ұсына **білу**;

11) ортақ келісімге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра **білу**;

12) кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге **ұмтылу**.

13) педагогика мен психологияның ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін **білу**;

14) мектеп жасындағы балалардың анатомиялық-физиологиялық негізгі заңдылықтары мен **дамуын білу**;

15) әдістеменің теориялық негіздерін **білу**;

16) биологияны мониторингілеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін **білуі тиіс**;

**3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:**

1) экономикалық білім негіздерін **меңгеру**, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің **болуы**;

2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін **білу және түсіну**.

3) оқыту мен тәрбиелеу үдерісін құруды **жүзеге асыру**;

4) оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі технологияларын **пайдалану**;

5) оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингін **жасау**;

6) рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені **ұйымдастыру және өткізу керек**;

7) педагогикалық процессте инновациялық технологияларды **пайдалануы тиіс**;

8) мектеп жасындағы балалардың шығармашылық және сыни ойларын дамытуға арналған сабақтарды **ұйымдастыру және өткізу**.

**3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:**

1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;

2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;

3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы.

## **3.2 Кәсіби құзыреттіліктер:**

### **3.2.1 А– білуі және түсінуі:**

А1 – Мемлекеттік билік пен басқарудың атқару және өкілдік органдары, сот атқару саласындағы құқықтық нормаларды жүзеге асыру мәселелері;

А2 – Адвокатура туралы заң нормалары әлеуметтік қамсыздандыру органдарында, АХАЖ қызметінде әлеуметтік қорғау нормалары;

А3 – нотариатардың қызметі арқылы құқықтық қорғау пайдалану;

А4 – банк қызметі аясындағы заңнама нормалары сақтандыру компанияларының қызметі және сақтандыру заңнамасы;

А5 – мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарында заңкеңесшілерінің қызметін реттеу нормалары;



А6 – құқыққорғау органдары қызметі саласындағы (жедел-іздігіру қызметі саласында, анықтау және тергеу, әкімшілік және атқару өндірісі) теориялық білімдер;

А7 – прокуратураның қадағалау қызметі;

А8 – Әкімшілік жанындағы тұрғын үй комиссиясы және тұрғын үй заңнамасының нормалары;

### **3.2.2 В - білім мен түсініктерді қолдану:**

В1 – Кейбір ісжүргізу құжаттарын өңдеп және құрастыра білу;

В2 – Құқықтық сұрақтар бойынша кеңес беру;

В3 – Сот жарыссөздерінде шығу, жауап алуды білу;

В4 – білім беру саласында оқу орындары жұмысындағы құқықтық білімі

В5 – Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерде, қылмыстық істер бойынша қорғауды ұйымдастыра білу;

В6 – Азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерін, құқықты жүзеге асыру барысында, заң көмектерін көрсете білу;

В7 – қаржы органдарының және қаржы заңнамасының нормалары білу;

В8 – салық органдар жүйесі мен салық нормалары білу

### **3.2.3 С – ой-пікір қалыптастыру:**

С1 – Құқық нормаларын талқылауда және оның қолданудағы ерекшеліктері;

С2 – кәсіби қызмет саласына инновациялық технологияны енгізу;

С3 – Құқықтық сипаттағы құжаттарды құрастыру және өңдеу процедурасы;

С4 – Кәсіби қызмет саласындағы заң нормалары мен құқықтық қатынастарды талдай білу;

С5 – Кәсіби заң қызметте алынған теориялық білімді қолдана білу;

С6 – Ағымдағы заңнаманы сыни талдай білу;

С7 – Кәсіби қызметпен байланысты міндеттерді қалыптастыру және мақсаттарды айқындай білу.

### **3.2.4 D – коммуникативтік қабілеттер:**

D1 – Жауаптылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, аналитикалық ойлау және

вербальды-логикалық дамуды, өзіндік эмоциялық күйін басқару, жедел есте сақтау қабілетіне ие болу;

D2 – Талқылау барысында өз ұстанымын дәлелдеу, сендіру Заңды түсініктері мен санаттарды еркін пайдалану, өз жұмысының нәтижелерін көпшілікке көрсетуде, жазбаша және ауызша сөйлеуде сауаттылықты, шешендік шеберлікті игеру;

D3 – әкімшілік және азаматтық, қылмыстық бойынша іс жүргізу құжаттарын түсіндіру және жария ете білу;

D4 – кәсіби функцияларды іске асырумен байланысты мақсаттар қоюды және міндеттерді қалыптастыруды көрсете білу;

D5 – Әртүрлі даулы жағдайларда медиация процедурасын жүргізе білу;

D6 – Азаматтық шарттар жасасу бойынша келіссөздер жүргізе білу;

### **3.2.5 Е – оқу дағдылары және оқуға қабілеттілік**

E1 – Еңбектің ғылыми ұйымдастырылуы және өзіндік білімберу дағдыларына ие болу;

E2 – Кәсіби қызметте алынған білімді қолдана білу;

E3 - Қажетті материалдарды өзбетінше оқып үйрену, оны одан ары қарай пайдалану;

E4- өз біліктілігін арттыру, білім толтыру және жаңа дағдыларды меңгеру;

#### 4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты

##### 4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі

**5B030100 - Құқықтану** мамандығына түсуге тілек білдірген талапкердің жалпы орта білімі, орта арнайы және технологиялық-кәсіби білімі, жоғары білімі болуы шарт.

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қаулыларымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

##### 4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесі» бұйрығына 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді.

- Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

*ауызша сұрақ-жауап* – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айту және ситуацияны талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;

*жазбаша бақылау* – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, ситуацияларды талдау, шешім қабылдау, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

*аралас (комбинированный) сұрақ-жауап* – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

*үй тапсырмасын презентациялау және қорғау* – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау; ;

*тесттер* – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті тұрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар (ащық, жабық, аралас) жиынтығы;

*бақылау жұмыстары* – теориялық материалдарды бақылау;

*практикалық жұмыстар* - электр-техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

##### 4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесі» бұйрығына 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді

- Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немесе тест түрінде емтихан тапсырады.

- Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

- Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

- Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 жүйемен жүргізіледі.

- 8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

#### 4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.
- Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін белгіленген 168 ҚР кредиттері және 250 ECTS кредиттерді жинау керек.
- Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-65 ECTS академиялық кредиттері есептелген
- Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс;
- Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.
- Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндетті түрде оң баға болуы тиіс;
- Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі;
- Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.
- Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

**Кесте 1.**

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Балл	ECTS бойынша бағалау
Өте жақсы	A	4,0	95-100	95-100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	
Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	
Қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	C (жақсы)
	C	2,0	65-69	65-69	
	C-	1,67	60-64	60-64	D (қанағаттанарлық)
	D+	1,33	55-59	55-59	
	D	1,0	50-54	50-54	
Қанағаттанарлықсыз	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлықсыз)

#### 4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау

Жоғары білім беру бағдарламасының талаптарын орындап, мемлекеттік қорытынды аттестациядан сәтті өткен тұлғаларға 5В030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.

Құқық бакалавры құқық қорғау органдарында, жергілікті атқарушы органдарда, барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде жұмыс істей алады. Құқықтану мамандығын бітірушілердің жұмысқа орналасу динамикасы жылда жоғары көрсеткішке ие.

## 5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар

### 5.1 Міндетті пәндер каталогы

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

#### 5.2 Элективті пәндер каталогы

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің қажеттіліктерін есепке алатын таңдау компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, педагогикалық және өндірістік-дипломалды практикалардан өтуі шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Мамандықтың үлгілік оқу жоспары* (міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу құжаты). **Қосымша 4.**

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

5.6 *Жұмыс оқу жоспарының үлгісі* **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары - мамандықтың ҰОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін оқу құжаты;

5.7 *Академиялық календарь*. **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

5.8 *Білім беру бағдарламасының мазмұны*. **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын күзiреттiлiктер.

5.9 *Жиынтық кесте*. **Қосымша 9.**

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесiндiсiнде меңгерiлген кредиттер көлемін бейнелейтін жиынтық кесте.

5.10 *Формуляр*. **Қосымша 10.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.11 *Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы*. **Қосымша 11.**

Пәндер бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.12 *Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер* **Қосымша 12.**

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер.

## 6. Білім беру бағдарламасын сүйемелдеу (сопровождение)

### 6.1 *Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)*

- білім беру бағдарламалар мазмұнын шетелдік аналогтық бағдарламамен сәйкес үйлестіру арқылы;
- білім беру бағдарламаларын еуропалық және ұлттық біліктілік ясындағы талаптарға сәйкес келтіру негізінде;

- білім беру бағдарламасы әзірлеу және жүзеге асыру;
- білім алушылар ОПК және қызметкерлердің академиялық жан-жақтылығын дамыту, білім беру бағдарламаларына, оның ішінде ағылшын тілінде жүзеге асырылатын бағдарламаларға шетелдік білім алушыларды тарту.

### 6.2 Материалды ресурстар (материалды-техникалық база)

Материалдық техникалық база осы кафедрада оқытылатын мамандықтардың спецификациясына сәйкес жабдықталған. Оқу пәндеріне 255 1С бухгалтерия зертханасы 1 проектормен, 14 компьютермен жабдықталған және де 425 аудиторияда интерактивті тақта орналасқан. 421а аудитория «Криминалистика полигоны» 1 компьютермен, телевизор, криминалистикалық чемоданмен, репродукционды орнатпамен жабдықталған.

Студенттерді практикадан өткізу үшін базалық келесі мекемелерден келісім шарттар жасасқан:

- 1) ОҚО бойынша Эль-Фараби, Еңбекші аудандық Мемлекеттік кірістер Департаменті;
- 2) ОҚО бойынша Эль-Фараби, Еңбекші аудандық ПБ;
- 3) Нотариус Алиева Н.У.;
- 4) ЖШС «Стандарт строй Компани»;
- 5) ОҚО Мақтарал ауданы Білім бөлімі;
- 6) ОҚО филиалы АҚ Қазақстан халық банкі;
- 7) ОҚО ПД Төлеби АІБ.

### 6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)

Білім беру ресурстары - кітапхана қоры мен электронды оқулықтармен және кафедрада дайындалатын оқу-әдістемелік кешендермен, интернет желісімен сипатталады. университетте электронды оқу залдары ұйымдастырылған. Аталған оқу залында Республикалық кітапхана қорында бар барлық кітаптармен жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында шетел елдік ұйымдармен халықаралық келісімшарттар жасалған.

Халықаралық ғылыми байланыстар:

1. Аахен университеті (Германия)
2. И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бишкек.

## 7. 5В010300-Құқықтану мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы

№	Қызмет түрлері	Кредиттер саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	<b>129</b>	<b>105</b>	5805
	1) Міндетті пәндер компоненті	58		
	2) Таңдау пәндері компоненті	71		
2	Дене шынықтыру (4 семестр) (2:0)	<b>8</b>	<b>60</b>	240
3	Қорытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	<b>3</b>	<b>6</b>	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	<b>Жиыны:</b>	<b>140</b>	<b>111</b>	<b>6360</b>
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	6	5-11	150-330
	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) диплом алды (1:1)	4	4	120
	3) өндірістік (1:4)	4	10	300

5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Экзаменационная сессия (7x3 нед.)	-	21	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b> <b>(52 апта x 4 жыл - 8 пта=200)</b>	<b>146</b>	<b>200</b>	<b>6510- 6690</b>

**Ескертпе:**

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 2 кредит көлемінде, сондай-ақ педагогикалық және/немесе өндірістік практиканың жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.

4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабақтары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.

5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).

6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.

7. Жазғы семестр демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.

8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды практиканы ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

**8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау**

*Білім беру бағдарламасын оқытудың соңғы нәтижесін талдауды есепке ала отырып, модернизациялау (жаңашаландыру)*

Оқыту нәтижесіне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.